



Сабақ

Асқорыту жүйесінің ортаңғы
бөлімінің гистологиясы

- 
- **Мақсаты:** асқорыту жүйесінің ортаңғы бөлімінің мүшелерінің құрылымдық ұйымдасуы, олардың диагностикасы, сондай-ақ микроскопиялау дағдылары, ортаңғы мүшелердің (асқазан, жіңішке және жуан ішектер) гистологиялық препараттарының суретін салу бойынша білім алу және бекіту.



- **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
- 1. Асқазан, морфофункциялық сипаттамасы, эмбриондық даму көзі. Асқазан қабырғасының құрылысы.
- 2. Асқазан бездері, оның жасушалық құрамы.
- 3. Жіңішке ішек, эмбриондық даму жолы және көзі. Жіңішке ішектің қабырғасы құрылысы. Жіңішке ішектің әр түрлі бөлімдеріндегі шырышты қабаттың құрылыс ерекшеліктері.
- 4. Жуан ішек, эмбриондық даму жолы және көзі. Жуан ішектің қабырғасы құрылысы. Шырышты қабаттың құрылыс ерекшеліктері.
- 5. Асқорыту жүйесінің ортаңғы бөлімі мүшелерінің жасқа сай ерекшеліктері.

- 
- **Бастапқы білім деңгейлерін бағалауға арналған бақылау сұрақтары:**
 - 1. Асқазан қандай қызмет атқарады?
 - 2. Асқазанның қандай бездерін ажыратады?
Олардың жасушалық құрамы қандай?
 - 3. Жіңішке ішектің шырышты қабатының рельефі несімен айырықшалаанады?
 - 4. Ішек бүрі дегеніміз не?
 - 5. Ішек бүрі эпителийінің жасушалық құрамы қандай?
 - 6. Жуан ішектің шырышты қабығының рельефін сипаттаңыз.

■ **Қорытынды білім деңгейлерін бағалауға арналған бақылау сұрақтары:**

- 1. Асқазанның шырышты қабығы рельефі несімен ерекшеленеді?
- 2. Асқазанның шырышты қабығын қандай эпителий астарлайды? Оның жасушалары қандай қыметтер атқарады?
- 3. Ішек бүрлерінің эпителий жасушалары қандай қызметтер атқарады?
- 4. Ішек крипталарының эпителиінің жасушаларын атаңыз. Олар қандай қызметтер атқарады?

- 
- **Қорытынды білім деңгейлерін бағалауға арналған ситуациялық есептер:**
 - 1. Асқазан сөлінің сараптамасы қышқылдың бірден төмендегенін көрсетті. Бұл асқазанның қандай жасушалары қызметтерінің бұзылуына байланысты болуы мүмкін?
 - 2. Асқазанның қандай қабатына бездері орналасады? Осы сауалға студенттердің бірі – шырышты, екіншісі шырыш асты, ал үшіншісі екеуінде деп жауап берген. Олардың қайсының жауабы дұрыс?

- 
- 3. Зерттеушінің алдына қабырғайшілік асқорыту және сору процесін зерттеу міндеті қойылған. Бұл мақсат үшін қандай морфологиялық объект қолданылуы керек?
 - 4. Жарық микроскоптың көмегімен асқорту жүйесі мүшелерінің гистокұрылымдарын зерттеу барысында, оның тереңдетілген крипталарының, эпителиінде көп мөлшерде бокал тәрізді жасушалары бар екендігі көрінді. Препаратта қандай мүше берілген?









